

Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қаңтардағы "Жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 46-298 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 06 сәуірдегі № 3-13 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қаңтардағы "Жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 46-298 (2016 жылғы 18 ақпанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3732 тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда № 9 (3272) қалалық "Текелі тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Текелі қалалық мәслихаты

сессиясының төрайымы

Текелі қалалық мәслихатының

хатшысы

Г. Ибраимова

Калиновский